	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже	31 беттің 1 беті



БЕКІТЕМІН

Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Басқарма төрағасы- ректор

Сугирбаева Г.Д.

2023ж.




« 2 » 11


САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ (ЖОБА)ТУРАЛЫ


ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.14-2023

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілген:		
Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.


Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Дайындаған:		
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры		Жылысбаева А.Н.

Құжаттың сақталу мерзімі: « 2 » 11 2023ж. бастап « 4 » 11 2026ж. дейін	Қолданысқа енгізу: № 4-204 бұйрығы	СМЖ ОҚПУ Е 7.14-2023
Создыру мерзімі: « ___ » _____ 20__ ж.	Енгізу мерзімі: « 2 » 11 2023ж.	Басылым 1 Тіркеу № 14 Көшірмесі № _____

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже	31 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Белгілеулер мен қысқартулар	4
5	Жауапкершілік және өкілеттілік	5
6	Процестің сипаттамасы	5
7	Тәуекелдерді басқару	19
А	Қосымшасы «Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже» іс-әрекеттерінің тізбегі	20
Б	қосымшасы Магистрлік диссертацияның (жобаның) мұқабасын ресімдеудің үлгісі	21
В	қосымшасы Магистрлік диссертацияның (жобаның) титулдық бетін ресімдеудің үлгісі	22
Г	қосымшасы Магистрлік диссертация (жоба) мазмұнын ресімдеудің үлгісі	23
Д	қосымшасы Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеудің үлгісі	24
Е	қосымшасы Пікірді ресімдеудің үлгісі	25
Ж	қосымшасы Рецензияны рәсімдеудің үлгісі	26
И	қосымшасы Ғылыми еңбектер тізімін ресімдеудің үлгісі	27
К	қосымшасы Сараптау комиссиясының қорытындысын ресімдеудің үлгісі	28
Л	қосымшасы Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы бланкісінің үлгісі	29
М	қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	31

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже	31 беттің 3 беті

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы ереже (бұдан әрі – Е) Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде (бұдан әрі – Университет) іске асырылатын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертацияны (жобаны) жазуға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

1.2 Е талаптары Университетте магистранттың оқу қызметін ұйымдастырумен байланысты барлық құрылымдық бөлімдер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

1.3 Осы Е Университет сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

1.4 Е авторлық құқық объектісі болып табылады және оны Университет басқарма төрағасы - ректордың рұқсатынсыз басқа ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Е-де мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО 9000-2017 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.12-2023 сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми (эксперименттік)-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.02-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Оқу-ұйымдастыру процесін басқару;


СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжатталған ақпаратты басқару.

ГОСТ 7.32-2017 Ақпарат, кітапхана және баспа стандарттары жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері;

МЕМСТ 2.111-2013. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Нормбақылау;

ГОСТ 2.105-95 жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар;

ГОСТ 2.316-2008 жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Графикалық құжаттарға жазбаларды, техникалық талаптарды және кестелерді жазу ережесі. Жалпы ережелер;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже	31 беттің 4 беті

ГОСТ 7.1-84 Ақпарат, кітапхана және баспа стандарттары жүйесі. Құжаттың библиографиялық сипаттамасы. Жалпы талаптар мен ережелер.

2023 жылдың 26 қазанның Ғылыми кеңес бекіткен университеттің академиялық саясаты, № 4 хаттама.

2.2 Ереже жазбалардың мынадай нысандарын қолданысқа енгізеді:

- Ф.7.14-01 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мұқабасын ресімдеу
- Ф.7.14-02 Магистрлік диссертацияның (жобаның) титулдық бетін ресімдеу
- Ф.7.14-03 Магистрлік диссертация (жоба) мазмұнын ресімдеу
- Ф.7.14-04 Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу
- Ф.7.14-05 Пікірді ресімдеу
- Ф.7.14-06 Рецензияны рәсімдеу
- Ф.7.14-07 Ғылыми еңбектер тізімін ресімдеу
- Ф.7.14-08 Сараптау комиссиясының қорытындысын ресімдеу
- Ф.7.14-09 Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы бланкісінің

3 Терминдер мен анықтамалар

Е-де ҚР СТ ИСО 9000:2017, ҚР СТ ИСО 9001:2016, ГОСТ 7.1-84 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады және қосымшасы қолданылады:

Магистрлік диссертация: ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселені шешудің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы.

Магистрлік жоба: таңдалған білім беру бағдарламасының қолданбалы өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы Е-де мынадай қысқартулар қолданылады:

ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

КеАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОҚПУ – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

ЖООКББИ – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты;


СЖМжМБ – Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі;

Е – ереже;

ББ – білім беру бағдарламасы;

МД – магистрлік диссертация;

МЖ – магистрлік жоба;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 5 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы;

АК – аттестаттау комиссиясы.

5 Жауапкершілік және өкілеттік

5.1 Университет Басқарма төрағасы - ректоры бекітеді.

5.2 Ережені енгізу және басқару үшін СБӨ жауапты.

5.3 Осы тармақтың ҚР СТ ИСО 9001:2016 стандартының талаптарына сәйкестігі үшін СБӨ жауапты болады.

5.4 Ереженің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру, құжаттаманы басқару және бөлімшелердегі түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін нақты кезеңді орындауға қатысушы бөлімшелердің басшылары жауапты болады.

5.5 Бөлімдегі СМЖ ережелерінің сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жайылып кетуіне бөлім басшысы жауапты болады.

5.6 Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша ОҚПУ ПР 4.01-2023 СМЖ сәйкес осы ережені басқаруға ЖООКББИ директоры жауапты болады.

5.7. Ережеге өзгерістерді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы «Өзгерістерді тіркеу парағына» (**М қосымшасы**) міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

6 Процестің сипаттамасы

«Магистрлік диссертацияға (жобаға) қойылатын талаптар туралы ереженің» әрекеттерінің реттілігі **А қосымшасы**да берілген.


6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Магистр академиялық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация нақты бағытта орындалған, бітірушіні білімнің белгілі бір саласында ғылыми мәселелерді шешіп, тұжырымдама жасай алатын ғылыми қызметкер ретінде көрсететін білікті ғылыми еңбек болуы керек.

6.1.2 Магистрлік диссертация (жоба) магистранттың ғылым докторы не ғылым кандидаты дәрежесі, академиялық доктор PhD, мамандығына сай дәрежесі бар, бұл салада іс-тәжірибесі мол ғылыми жетекшісінің жетекшілігімен өз бетінше орындалуы керек.

6.1.3 Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау үшін тапсырмалар береді;
- магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау үшін магистрантқа магистрлік диссертацияның (жобаның) барлық кезеңін қамтитын жұмыстың күнтізбелік кестесін жасауға жәрдем береді;
- магистрантқа қажетті негізгі әдебиетті, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік жобаларды және басқа тақырыпқа байланысты материалдарды ұсынады;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 6 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

• Магистранттың магистрлік диссертациясының (жобасының) күнтізбелік кестесінің орындалуына ағымдық бақылау жүргізетін кеңес беру кестесін түзеді;

• Магистрлік диссертацияның (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін нақтылап, магистранттың жұмысын үйлестіреді.

6.1.4 Магистрлік диссертация (жоба) бүгінгі күнгі ғылым мен практиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі тиіс. Сонымен бірге, ғылыми зерттеудің заманауи әдістері пайдаланылып, қорғауға ұсынылатын негізгі мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдері, нақты практикалық ұсыныстары болуы қажет. Диссертация білім саласының алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибесіне негізделуі керек.

6.1.5 Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы университет Ғылыми кеңесінің шешімімен магистрантқа нақтыланып, ректордың бұйрығымен бекітіледі. Ол ғылым үшін өзекті, бұл бағыттағы ғылым мен техниканың бүгінгі жағдайына сай және міндетті түрде кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларымен байланысты болуы керек.


6.1.6 Магистрлік диссертацияның (жобаның) авторы алған негізгі ғылыми нәтижелері ғылыми басылымдарда жарық көруі арқылы міндетті түрде апробациядан өтуі керек. Жарық көретін еңбектің ең аз саны – 1 ғылыми мақала. Аймақтық, республикалық, халықаралық конференциялардың, симпозиумдардың, мәжілістердің тезистері, шолу ақпараттары, аналитикалық талдаулар, кем дегенде 0,3 б.т. ақпараттық парақтар және патенталды құжаттар (патенттер) басылымға жатады.

6.2 Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар

6.2.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтеріне:

- сыртқы беті (нөмірленбейді, **Б қосымшасы**);
- титуль парағы (**В қосымшасы**);
- андатпа
- мазмұны (**Г қосымшасы**);
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- нәтиже не қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (**Д қосымшасы**);
- қосымшасылар;

6.2.2 Титул парағы магистрлік диссертацияның (жобаның) бірінші беті болып саналады және құжатты рәсімдеу мен іздеуге қатысты ақпарат тетігі қызметін атқарады. Титул парағы диссертацияның жалпы нөмірлеуіне кіреді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 7 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

Титул парағына нөмір қойылмайды. Титул парағы В қосымшасыға сай рәсімделеді.

6.2.3 Аңдатпа (2 беттен артық емес) Қазақ (АНДАТПА), орыс (АННОТАЦИЯ) және ағылшын (ABSTRACT) тілдерінде жазылады. Магистрлік диссертацияға Аңдатпа жұмыстың мазмұнын негізгі нақты мәліметтермен және қорытындылармен қысқаша баяндау болып табылады. Аңдатпа зерттеу бағытының сипаттамасынан, зерттеу проблемасынан, қойылған міндеттің тұжырымдамасынан, ғылыми зерттеулер авторы жүргізген және алынған нәтижелерден тұрады; жұмыс көлемі, иллюстрациялар, кестелер, қосымшалар саны, пайдаланылған дереккөздердің саны, зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар және түйінді сөздер туралы мәліметтерді қамтиды (10-нан артық емес).

6.2.4 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны кіріспеден, рет сандары көрсетілген бөлімдердің аттарынан, бөлімшелерден, баптардан (егер оның аты бар болса), нәтижеден не қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және бет нөмірі міндетті түрде диссертацияда көрсетілетін қосымшасылардан тұрады. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны Г қосымшасыға сәйкес рәсімделеді.

6.2.5 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтіні келесі талаптарға сай болуы керек:


- зерттеу тақырыбының білім беру бағдарламасының (ББ) пәндік-біліктілік саласына сай өзектілігі;
- ББ-ға сай нәтиженің ғылым мен педагогика саласындағы жаңашылдығы;
- қорғалатын мәселелердің ғылыми маңыздылығы;
- инновациялық қызметтегі практикалық маңыздылығы мен негізгі мәселелердің шешілу жолдары;

Диссертацияны рәсімдеуде көрсетілген баптар «Кіріспе» бөлімінде нақты мазмұндалуы керек.

6.2.6 «Нормативтік сілтемелер» атты құрылымдық элемент диссертация мәтінінде бұл туралы сілтемелер берілген стандарттар тізімінен тұрады. Сілтемелер жасалған стандарттардың тізімі келесі сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда (жобада) келесі стандарттарға сілтеме жасалған...». Тізімге стандарттардың аттары мен белгілеулері белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсуіне қарай тәртіппен орналастырылады.

6.2.7 «Анықтамалар» атты құрылымдық элемент магистрлік диссертациядағы (жобадағы) терминдерді нақтылауға не бекітуге қатысты анықтамалардан тұрады. Анықтамалар тізімі келесі сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда (жобада) келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен пайдаланылған...».

6.2.8 «Белгілеулер мен қысқартулар» атты құрылымдық элемент магистрлік диссертацияда (жобада) қолданылған белгілеулер мен қысқартулардан тұрады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже	31 беттің 8 беті

Олар диссертация мәтінінде кездесуіне қарай берілген қажетті талдау мен түсініктемеден тұрады. Анықтамалар, белгілеулер және қысқартуларды «Анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар» деген құрылымдық элемент ретінде де беруге болады.

6.2.9 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы, басқа ғылыми-зерттеу бағдарламаларымен байланыстылығы, сонымен бірге зерттеудің мақсаты мен міндеттері, оның жалпы ғылыми-зерттеу жұмысында алатын орны көрсетілуі керек.

6.2.10 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың негізгі әдістемесі және негізгі нәтижелік көрсеткіші берілуі тиіс.

6.2.11 Негізгі бөлімге:

- зерттеу бағытын таңдау және оның негіздемесі, мәселені шешу әдістері мен олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты орындауда таңдалынған әдістемені мазмұндау;

- теориялық және (не болмаса) эксперименттік зерттеу процесі, сонымен бірге теориялық зерттеулердің ерекшелігі мен мазмұнын, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмыстың қажеттігін негіздеу;

- зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау және жұмыстың келешектегі бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтиженің дұрыстығын бағалау және оны отандық, шетелдік жұмыс нәтижелерімен салыстыру;

- әрбір тарау, бөлім бойынша қысқаша қорытындылар енеді.

6.2.12 Қорытынды:

- диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша қысқаша қорытындыларды;
- қойылған міндеттердің толық орындалуының бағалауын;
- жұмыс нәтижесін білім берудің инновациялық қызметінде, ғылым мен өндірісте нақты пайдаланудың ұсыныстары мен деректер талдау-мағын;


- орындалған жұмыстың техникалық-экономикалық деңгейін осы саладағы жақсы жетістіктерімен салыстыруды не бизнес-жоспарды қамтуы тиіс.

6.2.13 «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» жаратылыстану, техникалық бағыттар бойынша – соңғы 10 жылды, гуманитарлық бағыттар бойынша – соңғы 5 жылды қамтуы тиіс. Тізім **Д қосымшасыға** сай рәсімделеді

6.2.14 Қосымшасыға диссертациялық жұмысты орындауға байланысты қандай да бір себептермен негізгі бөлімге ендірілмеген материалдарды: эксперименттік зерттеу мен сауалнама нәтижелерін, статистикалық көрсеткіштерді ендіру ұсынылады.

6.3 Магистрлік диссертацияны (жобаны) рәсімдеу ережелері

6.3.1.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтінін дайындау осы Ереженің талаптарына сай орындалады. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтінінің парақтары мен оларға енген суреттер мен кестелер А4 форматына сай болуы керек.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже	31 беттің 9 беті

6.3.1.2 Магистрлік диссертация (жоба) баспа құрылғысы не графикалық құрылғылар арқылы компьютерде А4 форматты ақ парақтың бір жағына бір интервалмен басылуы тиіс. Қаріп түрі – қалыпты, кегль – 14. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтіні келесі шектік өлшемдерді сақтау арқылы параққа басып шығарылуы тиіс: оң жағы - 10мм, жоғарғы жағы - 20мм, сол жағы - 30мм, және төменгі жағы - 20 мм.

6.3.1.3 Магистрлік диссертацияның (жобаның) көлемі гуманитарлық ББ-лар үшін кем дегенде – 50 бет, жаратылыстану және техникалық бағыттары ББ-лары үшін – 60 бет.

6.3.1.4 Белгілі бір терминдерге, формулаларға және теоремаларға назар аудару үшін түрлі гарнитуралы компьютерлік қаріптерді қолдануға рұқсат етіледі.

6.3.1.5 Диссертацияның орындалу тәсіліне қатыссыз мәтіннің басылу сапасы мен иллюстрациялары, кестелері талапқа сай анық болуы керек.

6.3.1.6 Магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауда кескіндердің бейнеленуі, тығыздығы бүкіл диссертация көлемінде бірдей, анық болуы керек. Магистрлік диссертацияда (жобада) әріптер, цифрлар мен белгілер нақты бейнеленуі керек.

6.3.1.7 Мәтінді құжаттар парағының бүлінуіне, бұрынғы мәтіннің (графиканың) толық тазартылмай кір іздерінің сақталуына жол берілмейді.

6.3.1.8 Диссертацияда кісінің аты-жөндері, мекеменің, ұйымдардың, фирмалардың, өнімдердің аттары және де басқа жалқы есімдер түпнұсқа тілінде келтіріледі.

6.3.1.9 Жалқы есімдер мен ұйымдар атауларын диссертация тіліне аударуда түпнұсқа атауы (алғашқы берілуінде) қосып келтіруге жол беріледі.

6.3.2 Магистрлік диссертацияның(жобаның) құрылымы


6.3.2.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтерінің атаулары – «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» – диссертацияның құрылымдық элементтері тақырыбының қызметін атқарады.

6.3.2.2 Құрылымдық элементтердің тақырыптары үлкен әріппен жол ортасына нүктесіз енгізіледі.

6.3.2.3 Бөлімдердің, бөлімшелердің және баптардың тақырыптары қызыл жол (абзац) арқылы (міндетті түрде 4 әріптік орынға не 1 см-ге тең) үлкен әріппен соңына нүкте қойылмай енгізіледі. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүкте арқылы ажыратылады. Тақырыпта сөздерді тасымалдауға болмайды.

6.3.2.4 Магистрлік диссертация (жоба) мәтінін компьютер арқылы ендіруде бөлімшелердің тақырыптары қою түсті қаріппен ерекшеленуі тиіс.

6.3.2.5 Мәтін мен құрылымдық элементтердің тақырыптары аралығында «бос жол» (0,7мм) қалдырылады.

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі</p> <p align="center">Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже</p>	<p align="center">31 беттің 10 беті</p>

6.3.3 Магистрлік диссертацияның (жобаның) беттерін нөмірлеу

6.3.3.1 Магистрлік диссертацияның (жобаның) беттері араб цифрларымен диссертацияның бүкіл мәтінін қамту арқылы нөмірленеді. Бет нөмірі беттің төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады.

6.3.3.2 Титул парағы беттердің жалпы нөмірленуі құрамына енеді. Титул парағында беттің нөмірі қойылмайды.

6.3.3.4 Жеке парақта орналасқан иллюстрациялар мен кестелер диссертацияның беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді.

6.3.3.5 А3 формат парағына енгізілген иллюстрациялар мен кестелер бір бет болып есептеледі.

6.3.4 Магистрлік диссертацияның (жобаның) бөлімдерін, бөлімшелерін, баптарын, кіші баптарын нөмірлеу

6.3.4.1 Магистрлік диссертация (жоба) бөлімдерінің бүкіл құжат бойынша қызыл жолдан (абзацтан) басталып, нүктесіз араб цифрымен белгіленген реттік саны болуы керек.

6.3.4.2 Егер құжаттың бөлімшелері болмаса, баптардың нөмірленуі әрбір бөлім аясында болып, баптың нөмірі бөлім мен баптың нөмірінен нүктемен ажыратылып берілуі керек. Егер құжаттың бөлімшелері болса, онда нөмірлеу бөлімше аясында болып, баптың нөмірі нүктемен ажыратылатын бөлім, бөлімше және бап нөмірінен тұрады.

6.3.4.3 Егер мәтін тек баптарға бөлінсе, онда бүкіл магистрлік диссертация (жоба) жұмысы бойынша реттік сандармен нөмірленеді.

6.3.4.4 Қажеттілігіне қарай баптар кіші баптарға бөлінеді. Және оның әр бап бойынша реттік саны болуы керек, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.с.с.

6.3.4.5 Магистрлік диссертацияның (жобаның) әрбір құрылымдық элементі жаңа парақтан (беттен) басталуы тиіс.


6.3.4.6 Магистрлік диссертация (жоба) құрамындағы парақтар мен қосымшасылардың нөмірлері тұтас болуы керек.

6.3.5 Иллюстрациялар

6.3.5.1 Иллюстрациялар (сызбалар, кестелер, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) міндетті түрде магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтінінен кейін орналасып, сол бетте, не кейінгі бетте алғашқы мәліметтер берілуі керек. Иллюстрациялар түрлі-түсті етіп компьютерде дайындалуы да мүмкін. Диссертацияда барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі керек.

6.3.5.2 Иллюстрация «Сурет» сөзімен белгіленеді. Егер сурет біреу болса, ол «1-сурет» деп белгіленеді де, оның аты жолдың ортасына жазылады. Иллюстрация нөмірлері магистрлік диссертация (жоба) аясында (араб цифрымен) тұтас беріледі. Мәтінде әрбір иллюстрацияға сілтеме жасалынуы тиіс. Иллюстрацияға сілтеме, мысалы, «2-суретке сай...» түрінде беріледі.

6.3.6 Кестелер

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 11 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

6.3.6.1 Сандық материал міндетті түрде кесте түрінде рәсімделеді. Кестені рәсімдеу 1-суретте көрсетілген.

6.3.6.2 Кесте диссертацияда міндетті түрде мәтіннен кейін орналасады, ол туралы алғашқы мәлімет қоса беріледі, не кейінгі бетте беріледі.

6.3.6.3 Кестені ендіруде графаның тақырыбынан кейін графаның нөмірі көрсетілген жол қосу керек. Кестенің жалғасына графаның аты ендірілмейді, тек графаның нөмірі көрсетіледі.

6.3.6.4 Диссертацияда барлық кестелер үшін сілтемелер болуы керек. Сілтеме кестенің нөмірінен кейін сызықша арқылы ендірілген «кесте» сөзінен тұрады.

6.3.6.5 Көп жолды кестелерді келесі параққа (бетке) бөліп орналастыруға болады. Кестенің бөлігін келесі параққа (бетке) енгізгенде, оның нөмірі мен «кесте» сөзі кестенің алғашқы бөлімінің оң жағында бір рет қана көрсетіледі, қалған бөліктерінің үстінде кестенің нөмірі мен «жалғасы» сөзі жазылады, мысалы «1-кестенің жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) бөліп орналастырғанда тақырып оның тек алғашқы бөлігінің жоғары жағында ғана жазылады.

_____ -кесте — _____
 (Кестенің нөмірі) (Кестенің атауы)




1-сурет. Кестені рәсімдеу үлгісі.

6.3.6.6 Кестені екіге бөлу барысында оның алғашқы бөлігінің соңғы жатық жолының астыңғы сызықтары сызылмауы тиіс.

6.3.6.7 Қосымшасыдағы кестелерден басқа кестелерді араб цифрларымен бірінен соң бірін нөмірлеу керек.

6.3.6.8 Графалардың тақырыптары мен кестелердің жолдары үлкен әріппен жекеше түрде, ал графалардың кіші тақырыптары, егер олар тақырыппен бір сөйлем құрса, кіші әріппен жазылады. Ал егер олар өз алдына мағыналы болса.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 12 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

онда үлкен әріппен жазылады. Кестелердің тақырыбынан және кіші тақырыптарынан кейін нүкте қойылады.

6.3.6.9 Кестелер сол, оң жағынан міндетті түрде сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтін қарпіне қарағанда көлемі кіші қаріпті қолдануға жол беріледі.

6.3.7 Формула мен теңдеулер

6.3.7.1 Формула мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға жазылады. Әр формуланың не теңдеудің жоғары және төменгі жағынан кем дегенде бір жолдан қалдыру керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, ол теңдік (=), қосу (+), алу (-), көбейту (x), бөлу (:), не басқа математикалық амалдар белгісінен кейін ауыстырылады және белгі келесі жолда қайталаынады. Формуланы тасымалдауда көбейтуді «x» белгісімен көрсетеді.

6.3.7.2 Формулаларды диссертациялық жұмыстың басынан бастап сандармен жолдың оң жақ шетінде, дөңгелек жақшада араб цифрларымен нөмірлеу керек:

Мысалы:

$$A_i = \int_0^n \frac{(-1)^{n-i} t^{[n+1]}}{i!(n-i)!(t-i)} \frac{b-a}{n} dt = (b-a) \cdot H_i \quad (1)$$

$$H_i = \frac{1}{n} \int_0^n \frac{(-1)^{n-i} t^{[n+1]}}{i!(n-i)!(t-i)} dt, \quad i = 0, 1, \dots, n \quad (2)$$

6.3.8 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

6.3.8.1 Диссертацияны дайындауда магистрант пайдаланылған материалдары не нәтижелері бойынша авторлар мен әдебиеттерге сілтеме беруі керек.


6.3.8.2 Әдебиеттер жайындағы мәліметтерді диссертацияда сілтеменің кездесуіне қарай араб цифрларымен нөмірлеп, қызыл жолсыз (абзацсыз) жазу керек.

6.3.8.3 Пайдаланылған әдебиеттерді тік жақшаға алу керек: «[4]». Бір әдебиетке бірнеше сілтеме берілген жағдайда, әдебиеттің қатар нөмірінен басқа оның беттері көрсетіледі: [5, 76.]. БАҚ ақпараттары пайдаланылғанда тік жақшада тек әдебиеттің нөмірі ғана көрсетіледі.

6.3.8.4 Стандарттар мен техникалық құжаттарға сілтеме жасалғанда, мәтінде олардың бекітілген жылынсыз тек белгіленуі көрсетіледі. Бірақ пайдаланылған әдебиеттер тізімінде олар туралы толық мәлімет берілуі тиіс.

6.3.9 Қосымшасылар

6.3.9.1 Қосымшасылар берілген магистрлік диссертацияның (жобаның) жалғасы ретінде келесі беттерге рәсімделеді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 13 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

6.3.9.2 Диссертацияның (жобаның) мәтінінде барлық қосымшасыларға сілтемелер жасалуы тиіс. Қосымшасылар диссертация мәтінінде берілген сілтемелер тәртібімен орналасады.

6.3.9.3 Әр қосымшасы жаңа беттен оң жақ жоғары бұрышында «Қосымшасы» сөзін көрсету арқылы басталады.

6.3.9.4 Қосымшасының тақырыбы болады, ол мәтінге симметриялық түрде үлкен әріппен бөлек жолға жазылады.

6.3.9.5 Қосымшасы алфавиттің бас әрпімен «А» әрпінен басталып (Ё,З,Й,Қ, О,И,Б,Ы,Ъ әріптерінен басқа) белгіленеді. Қосымшасының ретін көрсететін әріп «қосымшасы» сөзінің алдына жазылады.

6.3.9.6 Қосымшасы құжаттың өзге бөлімдерімен бірге беттердің жалпы нөмірлеу санына кіреді.

6.4 Магистрлік диссертацияны (жобаны) плагиатқа тексеру тәртібі

6.4.1 Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін ЖОО-ның өзі анықтайды.

6.4.2 Осы ережемен реттелетін академиялық нормаларды бұзушылыққа келесілер жатады:

- жазба жұмыстарында басқа автордың мәтіні мен идеясын (плагиат) сілтемесіз қолдану;
- материал мен жұмыс нәтижелерін фабрикациялау.

6.4.3 Плагиат екі түрде жүзеге асады:

- өзгенің мәтінін сөзбе-сөз баяндау;
- астарлап айту – бөгде мәтінді мағынасын сөздер мен сөйлемдерді ауыстыру арқылы баяндау.

6.4.4 Магистрлік диссертация (жоба) көлемі 100 Мб аспауы тиіс.

6.4.5 Магистрлік диссертацияның (жобаның) өз бетінше орындалу дәрежесін анықтау үшін тексеру 2 реттен артық өткізілмейді.


6.4.6 Магистрлік диссертацияны (жобаны) «Антиплагиат» жүйесі негізінде тексеру іске асырылады.

6.4.7 Білім беру бағдарламаларының магистрлік диссертацияларын (жобаларын) қорғау бойынша АҚ жұмысы басталардан бұрын магистрант магистрлік диссертациясын (жобасын) «Антиплагиат» жүйесіне тексеруге ұсынады.

6.4.8 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) плагиатқа тексеруді Ғылыми басылымдар бөлімі жүзеге асырады.

6.4.9 Білім алушылардың жұмыстарын тексеру үшін толық нұсқада (текстік электронды форматта) кафедра норма бақылаушысы өткізеді. Тексеру кестесі факультет және кафедраларға жұмысты тексеру алдында жіберіледі.

6.4.10 «Антиплагиат» жүйесі негізінде тексеру негізінде тексеру төменде көрсетілген мерзімде іске асады:

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	31 беттің 14 беті
Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже		

-магистрлік диссертациялар- жұмыс қорғауға кіруге дейін тексеруден өту міндетті;

6.4.11 Магистрлік диссертацияны (жобаны) «Антиплагиат» жүйе арқылы плагиатқа Ережеде көрсетілген мерзімде тексеру бітірушінің жауапкершілігіне жатады.

6.4.12 Магистрлік диссертация (жоба) «Антиплагиат» жүйе арқылы плагиатқа тексеру нәтижесінде бітірушіге қағаз жүзінде анықтама беріледі.

Магистрлік диссертацияның (жобаның) плагиатқа тексеру нәтижелерін талдау негізінде ғылыми жетекші жұмысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды.

6.4.13 Егер плагиатқа тексеруден кейін кемшіліктер жойылмаса немесе білім алушының Ережеде көрсетілген мерзімде түрлі себептермен плагиатты жоюға қабілетсіздігі айқындалса, онда магистрлік диссертация (жоба) қорғауға жіберілмейді, қайта өңдеуге жатады және қорғау мерзімі келесі жылға қалады. Магистрант оқу жоспарын орындамаған болып саналып, оқудан шығарылады.

6.4.14 Барлық қорғауға жіберілген магистрлік диссертациялардың (жобалардың) электрондық нұсқаларын кафедра норма бақылаушысы Ғылыми басылымдар бөліміне университеттің магистрлік диссертациялар (жобалар) жазбалар қорына енгізу үшін тапсырады.

6.4.15 Төменде көрсетілген критерийге сай жазылған жұмыс «тексеруден өтті» деп есептеледі және межелі нормаға сәйкестігі туралы анықтама беріледі:

-магистрлік диссертация- жұмыстың түпнұсқалығы 75%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 25%-дан аспаған жағдайда;

6.4.16 Түпнұсқадағы мәліметке жасалған сілтемелерді қосқанда бөгде мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 25%-дан асып кетсе (магистрлік диссертацияның (жобаның) түпнұсқалығы 75%-дан төмен болған жағдайда), магистрантқа анықтама берілмейді.


6.4.17 Шеттен алып пайдаланулардың 25%-дан жоғарылығы анықталған жағдайда, магистрлік диссертация (жоба) енгізілген өзгерістерден кейін комиссиясының қарауына жіберіледі.

6.4.18 «Антиплагиат» автоматтандырылған ақпараттық бағдарламасындағы тексеріс келесі ретпен жүзеге асырылады:

- 1) тексеріс жүргізу;
- 2) мәлімет қорына енгізу;
- 3) тексерістің орындалғанын тізімге тіркеу;
- 4) анықтама беру.

6.4.19 Көшірудің межелі нормаға сәйкестігі туралы анықтамасы жоқ магистрлік диссертацияның (жобаның) ағымдағы оқу жылында қорғалуына Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты өкімімен рұқсат берілмейді.

6.4.20 Магистрант магистрлік диссертациясын (жобасын) «Антиплагиат» жүйесімен белгіленген мерзімде тексеруге ұсынуға жауапты.

